

Ақеділ ТОЙШАНҰЛЫ

ҰРЫМ-ТЫЙЫМНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Автор в своей статье объясняет, что жанр примет и северий в казахском фольклоре имеет огромное значение в воспитании молодого поколения, играет большую роль в получении таких качеств как милосердие, человечность, вежливость, приличие, учтивость и это доказано наукой. Автор по своим особенностям делит казахские приметы и северия на две части и посвяи

Kazak folklorundaki küçük janr şekli – “ batıl inançlarım ” genç nesli saygılı davranışa, hoşgörüye, irfana davet eden tarafı söz konusu olur. Hem de etnikültürel yönümizden oluşturulan, hem denetleyen bir araç olduğu da bilimsel açıdan tespit edilerek anlatılır. Kazak halkın batıl inançları (yasaklılama) kendi özelliklerini açısından iki gruba ayrılarak incelenir.

Бағзыда адам әuletін бір-біріне қарама-қарсы екі лагерьдегі рухтар қоршап тұр деген наным-сеним болған. Олар әдетте ізгі және кесірлі рухтар. Адам осы рухтардың қатерінен қорғанып, сақтану немесе мейіріне ие болып, қолдауына жетуді көздеп әрекеттер жасаған. Өз іс-қымылдарын сол иекиелерге үйлестіру, үндестіру мақсатында әр түрлі ұрым-тыйымды ойлантауып, тұрмыста қолдана бастаған.

Тыйым (табу) болатын белгілі бір қатерден адамды қорғандыру, сақтандыру, сол арқылы табиғат пен әлеуметтік күштердің ризашылығын алу үшін жасалды. Ұрым мен тыйымның міндеті болашақты (исті) болжакау, сәтті нәтижеге жету үшін алдын ала жоспар құру, белгілі бір қағида-ережеге бағынуды шарт етеді. Тыйым алғашқы қауым заманында магиялық түсінікпен тіндес басталғанымен уақыт өте келе қоғам дамыған тұста әлеуметтік заңи мәнгеге ие бола бастаған. Енді адамдар рухтарды емес, пәк-күнәһар, ак-қара, обал-сауап категориясын алға тартқан. Тыйым – ол адам сөзсіз орындауга тиісті, талқылауга жатпайтын, қоғамда қатаң қалыптасқан, сірексен ережелердің жиынтығы. Оны адам бала кезден естіп, үйреніп-біліп, өле-өлгеше орындауга тиісті.

Ал, ұрым болса, жеке адамның немесе қауымның жору, болжакау арқылы орындауга тиісті ережелері. Бұнда болашақты болжакау, жору функциясы басым. Халықтың ұғымында ұрым екі түрлі болады:

1. Жақсы ұрым. Мысалы: а) Аттың есінеуі; ә) Баланың тоңқайып жол қаруы; б) Сауықсанның шықылықтауы.

2. Жаман ұрым. Мысалы: а) Жақ таяну; ә) Қолды артқа ұстау; б) Тізе құшақтау.

Жалпы, ұрымды табиғат пен әлеуметтік күштер тараپынан жеке адам бұлжытпай орындау үшін хабардар етіп, сездірілетін тұтқыл сигналдар,

рәміздік әрекеттер жүйесі деуге болады. Мысалы: 1. Жұлдыз ақса, оны көрген кісі «Менің жұлдызым жоғары» деп айту керек. 2. Бала сүт тісі түссө, оны майға орап «Жасық тісімді алып, өткір тісімді бер» деп итке беруі керек. 3. Үйдің іргесіне ит сарыса, құт құйылады. 4. Ерттеулі тұрған ат сілкінсе, жыншайтанды үркітіп жатқаны. 5. Тұнде жолында сиыр жатса, сапарың оң болмайды. 6. Оқпақ шақырса, бие құлын тастайды. 7. Алдыңдан тұлкі қашса, сапарың сәтті болады. 8. Сол құлағың шыңылдаса, біреу сені жамандап жатыр.

Ырымның келесі бір түрлері – жеке адамның өзі істеуге тиісті емес деп саналғанымен қауым тараپынан ескерпілмесе, яки талап етілмесе, орындалмай қалуы ықтимал, бір ұшы тыйыммен тығыз байланысып жатқан ырымдар. Бұның ырымға жататыны, жеке адам абайсызда «соны» істеп отыrsa, қауымның жөн-жосықты білетін кісісі, «оған» тыйым салып, себебін жолай түсіндіріп, кісіні сақтандырады. Мысалы: жақ таянба. Демек, ырымның бұл түрі жеке адам – тыйым салынған әрекет – қауым мүшесінің жоруы деген үштікке табан тірдейді. Тыйымды адам бұлжытпай орындауга тиісті болса, ырым (не жақсы, не жаман) жеке адам тараپынан (әрекет пен сез арқылы) әбден көрініс тапқан соң, оны қауым мүшесі жору, ескерту, түсіндіру түрінде талқыға түсіретін құндылық болып саналады. Сонымен, ырымтыйым жеке адам мен қауымның кез келген мүшесінің арасында белсенді сұхбат, ерікіз пікір алмасуды тудырып, жедел реттелетін әлеуметтік-психологиялық категория.

Ырым-тыйымда заттар мен құбылыстар белгілі қауымның түсінігі тұрғысынан рәмізделеді де, дағдылы сез тіркесі арқылы көрініс тауып, бағзы мифтік ұғым жақшаша пішінге түсіп жаңғыртылады. Ырымда шын мәнісінде болашақты болжаку – басымдыққа ие. Ол күнделікті өмірде жиі ұшырайды, кездейсоқ сипатта және ауызекі тілде жиі қолданылып, адамды адамдармен қызу қатынастыратын қабілетке ие. Қайталап айтсақ, ырымның негізгі мәні – болашақты болжаку, болуга ықтимал қатерден адамды алдын ала сақтандыру, бір сезбен айтқанда, жаманышылқтан құтқару немесе орындалуға тиісті шарапатты көрегендікпен сездіріп, қуанышқа кенелдіру, сол қызметтері арқылы жеке адамның әлеуметтік-психологиялық ахуалын оңалдыру. Сонымен, ырым-тыйымды қазақ фольклорында кездесетін ең қысқа әрі ең өміршең жанрдың бірі деп танимыз. Ол адамның күнделікті тұрмыстіршілігінде тұтқындан көрініс тауып, қағылез бақылаушылар тараپынан жария етілетін, қоғамдық санада бағзыда қалыптасқан қасаң қағидалардың түйіні, түйіршігі деуге болады. Оның ғасырлар керуеніне өтіп, бүгінгі ұрпақтың зердесіне ұя салуы – қысқа да ұшқыр, ұтқыр да тұтқыр

сипатында жатыр.

Үрым-тыйымдар көрікүлақ естияр жандар тарапынан бақыланып, үнемі қадағаланып отыратын қасиетке ие. Ол әлеуметтік-қоғамдық реттілікті, тәртіпті қалыштастыруши, орнықтыруши бірегей жүйе. Бір сөзбен айтқанда, оны «занға дейінгі зан» деп бағалауға болады. Әрбір ырымның өзегінде бір замандарда қоғамда маңызды рөл атқарған әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің сарқыны, қуатты қайнаркөзі жатыр. Үримнің негізгі ерекшелігі – ол өте-мете себеп-салдарлы. Оны мифке жақындытып тұрғаны дәл осы сипаты. Бір сөзбен айтқанда, бұнда қандай бір әрекетті «істесе не болады?» немесе «олай істеуге болмайды, оның себебі мынадай» деген этиологиялық түсінік орын алады.

Үрим кейде қандай бір шұғыл әрекетке байланысты туындаиды. Оған қауым мән беріп, бір мезет назар аудару арқылы қарымта жауап (пікір-тілек, көзқарас, баға) білдіреді. Мәселен, біреу оқыстан тұшкірсе, оған көніл бөлініп, мынадай сөздер айтылуға тиіс:

1. Бер Тәңір, бес жұз жылқы,
Асығып айттым, алты жұз жылқы,
Жетпей айттым, жеті жұз жылқы.
2. Жәрекімалла, жарылқа,
Құнан қойдан қабырға.
3. Ах, түш, ақ сиырдың сүтін іш.

Мифтік танымда әлем қарама-қарсы екі жікке жарылып тұрады: жақсы-жаман, адап-харам, ыстық-сұық, обал-сауап, шарапат-кесапат және т.б. Ал, барлық ырым осы керагар түсінікке табан тірейді. Үрим-тыйым түрік-монгол халықтарының барлығында кездеседі. Оны әзербайжандар «сынама», қыргыздар «ырым-дарымдар», монголдар «ёр», «цээр», қалмақтар «йори», татарлар «ырым-ишиналар», «сынамыштар» деп атаган.

Үрим-тыйымдар жекетогай өмір сүре бермей кейде мақал-мәтелге де айналып кетеді. Себебі, ырым-тыйым мен мақал-мәтел екеуінде де халықтың ғасырлар бойы табиғат пен әлеуметтік құбылыстарды бақылауында туған нәтижелер қорытындыланады. Мәселен, молаға қарай жүтірме, асты қорлама, жылағанга күлме деген тыйымдар «Өлетін бала молаға қарай жүтірді», «Асты қорлама құстырады, ерді қорлама састырады», «Құлғен күле жетеді, екі етегін түре жетеді» деген түрде мақал-мәтелге айналғанын көруге болады. Сонымен бірге кейбір ырым-тыйымдар қарғысқа да айналады. Айтальық, «құр бесікті тербетпе» деген тыйым «құр бесікті тербетіп қал!» пішінінде қарғыс сөз боп айтылады. Тіпті ертегілерде кейіпкер кесе көлденең тыйымдарға

(әдette үш рет) тап болады, бірақ оны бұзғандықтан шым-шытырық шыргалаңға түседі, демек көркем сюжеттің динамикалық қарқынмен өрбіл-өрістеуіне біз талдаң отырган нысан түрткі болады. Демек, ырым-тыйым жеке дара түйікталып қалмай фольклорлық сан алуан басқа жанрларды да түрлендіріп, нәрлендіре түсуге себепші болған.

Ырым-тыйым көбіндегі бұйрық райда айтылады да, кейде ақыл-кеңеске де ұқсайды. Рас ол бұл түргыдан мақал-мәтелге жақындағанымен түпкі мәнінде ескерту, сақтандыру, болуга ықтимал қатердің алдын-алу шарасы жатыр. Бір сөзben айтқанда, мақал-мәтелдер көрісінше тарихта болған, бастан кешкен жайттардың күесі іспетті болса, ырым-тыйымда үнемі болашақ болжанады. Айтальық, «Үй иен қалса, төсектің үстіне пышақ қойып кет» деген ырым ақыл-кеңеске ұқсайды. Ал, түпкі себебін таратып айтсақ, дәстүрлі танымда иен үйге, бос төсеккө жын-шайтан қонуы ықтимал, ондай рух-иелер өткір жүзді саймандардан, пышақтан сескенеді, демек, ырымда пышақ арқылы қаскөй күшті қуу магиясы түспалданған.

Қорыта айтқанда, ырым-тыйым қазақ магиялық фольклорындағы шағын жанрлық түр ретінде енді анықталып отыр. Бүгінге дейін бірсыныра мәтіндер жинақталғанымен (Б.Абылқасымұлы, Б.Бопай, А.Қайбарұлы) арнағы зерттеле қоймаған осы шағын жанрлық түрдің халқымыздың түрмис-тіршілігінде көтеріп келе жатқан жүті орасан ауыр екендігі байқалады.

Әдette кейбір ырымдардың тобы дереу жорамал жасауда итермелеп, психологиялық ахуалға түрткі болады. Бір сөзben айтқанда, ол таза практикалық қызмет атқаратын жанр.

Ырым-тыйымдарға А.Дандис, Е.Г.Павлова секілді ғалымдар саралау жасаған. Біз қазақ ырым-тыйымдарын өзіндік ерекшелігіне сай төмөндегідей екі топқа бөлеміз:

I. Белгі-дабыл қағушы ырым-тыйымдар (Мақсаты – болашақты болжаяу).

II. Ережелеуши ырым-тыйымдар (Мақсаты – магиялық).

I. Белгі-дабыл қағушы ырым-тыйымдар адамның шарасынан тыс, табиғаттың-тағдырдың үкімі секілді сезіледі. Айтальық, бөбек тоңқайып жол қараса, алыстан жолаушылап туыскан келеді, тілінді тістеп алсаң, үйіңе ашыққан қонақ келеді, он қабағың тартса, қуанасың, қой ыңыранып үйіктаса, қыс жайлы болады, сауысқан шықылықтаса, алыстан хабар аласың және т.б.

Бұларда болашақты болжаяу, жору сарыны басым. Аталған ырым-тыйымдар адамның еркінен, қалауынан тыс, кездейсок, тосын жағдайда туындаиды.

II. Ережелеуші ырым-тыйымдарда адамға ақыл-кеңес беріледі де, онда «не жақсылықтың, не жамандықтың» белгі-ишарасы жатқаны анық байқалады. Мысалы, торгайдың жұмыртқасын жарған баланың бетіне секпіл түседі, жиенін ұрган адамның қолы қалтырауық болып қалады, тілі жай шыққан балаға итаяқтан су ішкізу керек, аспанға аяғында көтерме, адамға сұқ саусағында кеземе т.б. Бұнда болашақты болжакау сипаты әлсірегенімен не жақсы, не жамандыққа түрткі болып тұрғаны – оңай аңғарылады, демек магиялық айрықша басымдыққа ие. Мысалы: үйге кірген жыланға ақ күйіп шығару керек, қасқырдың атын атауга болмайды, сәбидің аузына киелі адам түкірсе, ол мықты азамат болады, мұрныңнан қан аға берсе, аттың шашасын тұтатсан тыйылады, күйез ұстаса, сұлу қыздың артынан сәлем салсаң жазылады, бөрінің тарамысын тұтатсан, ұрының қол-аяғы тартылады және т.б.

Ережелеуші ырым-тыйым сонымен бірге тыйыммен (табу) тығыз ұштасып тұрады. Айтальық, аяғында көкке көтерме, босағаны керме, бас кимінді бөгде адамға берме, отқа түкірме, күлді баспа, малды басқа ұрма, әкең тірі болса, кәдеге тартылған басты кесуге қақың жоқ. Ережелеуші ырым-тыйымдар әсіре себеп-салдарлы болады. Ал белгі-дабыл беруші ырым-тыйымдар әсіре болжағыш келеді. Айтальық, мысық ағашты тырнаса, қарлы-бұрқасын болады, айтыр таласса, жылқы түлігі өседі, қой күзде өрістен ауызына шөп тістеп қайтса, қыста жұт болады. Бұл топтағы ырым-тыйымдар халықтың ұзақ жылдар табиғатты бақылауынан, өмір-тіршілікті тануынан тұғандықтан белгілі дәрежеде ғылыми дәлелдерге жақын болады да, шыншылдық қасиеті күшейіп, магиялық (наным-сенімдік) сипаты әлсірейді. Ал, ережелеуші – ырым-тыйымдарда магия зор қызмет атқарады. Айтальық, ақ жауын тыйылмаса, кенже балалардың дамбалын шешіп, аспанға артын көрсетіп, тоңқайту керек, қозы-лақтың енін құмырсқаның ініне тастасаң, мал қаулап өседі, баланың аяғы сырқырап ауырса, қарыстасаң жазылады, аяғы ауыр әйел балықтың етін жеуге болмайды, себебі нәресте мылқау болып қалады, жұма күні көшуге болмайды, себебі түйе тулас қазаның сынады, қатының өледі, ауға балық түспей қойса, әйелдің дамбалын байлау керек, сонда олжага батасың т.б.

Сонымен бірге ырым-тыйымның шектеушілік және қолдаушылық (макұлдаушылық) негізгі екі функциясы бар екенін байқаймыз. Айтальық, төмендегі ырым-тыйымдар шектеушілік қызмет атқарады: көк шөпті жұлма, кем-кетікке күлме, малды басқа ұрма, ұлкеннің жолын кеспе, қара қосқа қамшы алыш кірме т.б. Ал, келесі ырым-тыйымдарда макұлдаушы сарындар үстем: дастарқандагы нанның қоқымын жесең, бай боласың, қариядан бата

алсаң, жолың ашылады, жұма күні іс шығарып, шелпек таратсаң, аруақтар риза болады, сәрсенбінің сәтті күні той жаса т.б. Шектеушілік қызмет атқаратын ырым-тыйымдарда абайсызды кие-кесірге ұрынбауды сақтандырса, мақұлдаушы топта тылсым күштің ризашылығына белену амалын көздейді. Жастарға тәлім-тәрбие беру, үлгі-өнеге көрсету жағы да жүзеге асады. Әлбетте, белгі-дабыл беруші топтағы ырым-тыйымдардағы жайттар негізінен адамның қалауынан тыс болып жатады. Мысалы, оң қабағың тартса, қуанаасың, мініп келе жатқан атың есінессе, жол болады, пысқырса сор болады, күн қызырып батса, өртөңгісін ыстық болады, жыланның аяғын көрсөн, бақытқа кенелесің, шаңыраққа байғыз қонып шақырса, зауал болады. Демек, бұнда тағдырдың – табиғаттың үкімі, киелі күштердің үстемдігі елеулі орын алады да адам тұлғасы шарасыз бағынушы кейінде көрініс табады. Керісінше ережелеуші ырым-тыйымда адам белсенді әрекет (магиялық шаралар) жасау арқылы шарапатқа жету түспалданады, демек халықтың ізгілікті арман-аңсары көрініс табады деуге болады. Мысалы, мойын-омыртқаның сінірін жесе, қыз баланың шашы ұзын болады, таңдай жесен, әнші боласың, үлкендердің қолына су құйсан, ақ батасы тиеді, үйді адыраспанмен аластасаң, пәле-қала қашады, алыс сапарға шыққанда сәбидің «ит көйлегін» қойыныңа салып жүрсөн, жолың болады т.б. Әрине, бұл ырым-тыйымдарда «ұқастық ұқастық тудырады» деген магиялық жоралғы манызды рөл атқарып тұр. Түйіндең айтқанда, ұсақ-түйек секілді былайғы көзге елеусіз көрінетін ырым-тыйым деген шағын да қысқа жаңардың көтеріп тұрған жүгір ересен зор. Шынтуайтында, «Алпамыс», «Қобыланды» секілді көлемді эпостарды күн сайын жырламайтынымыз да, тындармайтынымыз да белгілі, ал түрлі ырым-тыйымдарға сағат сайын тап болып жататынымыз өмір шындығы. Коммунистік кезеңде көртартпа әдетке жатқызылып, күресінге итерілгенімен ырым-тыйымдар жас ұрпақты әдептілікке, инабаттылыққа, имандылыққа әрдайым шақыратын, әрі этномәдени бет-бейнемізді қалыптастырушы, қадагалаушы құнды құрал екендігі гылыми тұргыдан дәлелденіп отыр.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Татар фольклор жанрлары. Қазан, 1978. – 140 б.
2. Кыргыз элинин оозеки чыгармачылық тарыхынын очерки. Фрунзе, 1973. – 705 б.
3. Абылқасымов Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры. Хрестоматия. Алматы, 2004. – 224 б.
4. Баклұл Абдулла. Азербайджанский обрядовый фольклор и его поэтика. Баку, 1990. – 216 с.

Тойшанұлы А. Ырым-тыйымның жанрлық...

5. Рахимов Д. Шугун хамчун жанри фольклори точик. Душанбе, 2003. –188 с.
6. Паремиологические исследования. Москва, 1984. – 320 с.
7. Қайбарұлы А., Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. Алматы, 1998. –160 б.
8. Минько Л.И. Суеверия и приметы. Минск, 1975. – 191 с.

REZUME

A. Toishanulu (Almaty)

GENRE PECULIARITIES OF SUPERSTITIONS

This work touches upon the a small genre type of the Kazakh magic folklore-superstitions considered as an instrument calling for education of our young generation to good manners, kindness and honesty. It is also explained as a formation of ethno-cultural reflection. Kazakh superstitions are divided into two parts and characterized related to their distinctions.